



МУХРАПЖ- ҚАЗАЛЫ



№102
(2167)
Сәрсенбі
6 желтоқсан
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕКТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

“Жыл аяғы таяды. Келер жылға аяқ басқалы тұрмыз. Биылғы жылдың өзінде ауыз толтырып айтарлықтай шаруалар қолға алынды. Күрмеуі қиын мәселелер шешімін тапты. Алдағы жылға қойған мақсат-міндеттеріміз айқын, жоспарларымыз өте көп. Бастысы, елдің бірлігі. Сонда ғана барлығы кезең-кезеңімен шешім табатын болады.”

Әйтеке би кентіндегі тұрғындармен кездесуде аудан әкімі Мұхтар Оразбаев осылай деп сөз бастады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тоқсан сайын халықпен кездескен аудан басшысы басқосуда барша жұртты Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдығымен құттықтады.

Сонымен қатар, 11 айдың нәтижесінде атқарылған жұмыстарды баяндап,



қуанышты жаңалықтармен бөлісті.

Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығындағы кездесуге келген тұрғындар өздерінің талап-тілектерін бүгіп қалмады.

Бірінен соң бірі сөз алып,

мәселенің шешілу жолдарын сұрады.

Жыл сайын ауданда көшелер жөнделгенімен әлі де болса жөндеуді күтіп тұрған көшелер бар. Осы жәй Мұхтар Әуесұлының назарына ұсынылды.

“Достық” аймағындағы көп қабатты тұрғын үйлерді жөндеу күтіп тұрғаны да айтылды. Одан бөлек, жеке қабылдауда көпшілік өздерінің жеке мәселелерін жеткізді.

Аудан басшысы тұрғындардың талап-тілегі ескерусіз қалмайтындығына, қажетті шаралар бірлесіп атқарылатындығына тоқталды. Сондай-ақ, айтылған ұсыныстарға байланысты жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктеп, тез арада тиісті шараларды қолға алуын талап етті.

Айта кетейік, халықпен кездесуде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына белсене атсалысып жүрген тұрғындарға Қазалы ауданының 95 жылдық мерейтойына арналған төсбелгілер табысталды.

ӨМІРІН ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕГЕН



КСРО мәдениетінің үздігі, ҚР мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы, күйші, сазгер Орақ Баубеков 75 жасқа толуына орай Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында “Өнер құдіреті” атты шығармашылық кешін өткізді.

Шараға арнайы қатысқан

аудан әкімі Мұхтар Оразбаев жиналған көпшілікті Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдық мерейтойымен құттықтады. Сонымен қатар мерейлі мереке қарсаңында 75 жасқа толған өнер адамына жылы лебізін білдірді.

Өнериесі Орақ Баубековке аудан әкімі Қызылорда

өнер көрсетіп, ерекше қошеметке бөленді.

Кеш соңында ҚР мәдениет қайраткері Орақ Баубеков кешке арнайы келген қонақтарға алғысын айтып, ризашылығын жеткізді.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

100 АДАМДЫ ГАЗЕТКЕ ТЕГІН ЖАЗДЫРДЫ

«Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қазалы аудандық филиалына мүше азаматтардың арасында көз жаны көрмесе де, өмірге құштар, талантты, қабілетті жандар жетерлік. Әрине, олардың он екі мүшесі сау азаматтармен бірге арман-мақсатын жүзеге асыру үшін қайырымды жандардың қолдауын сезінудің, демеушіліктің ауадай қажет екені айтпаса да түсінікті.

Жақында «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің директоры Нұрбол Әлмәмбетов «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қазалы аудандық филиалында есепте тұратын 100 мүшесін бір жылға, яғни 2024 жылға тегін жаздырып, алып тұруына демеушілік жасады.

Көз жанарлары көрмесе де, көкірек көздері ояу азаматтардың аудан, аймақтың тыныс-тіршілігінен жақын-жуықтары оқып беруі арқылы естіп, хабар алып отыруының өзі—дені сау азаматтармен бір сапта тұрғандай сезіндірері сөзсіз. Қайырымды азаматтың қалтқысыз қамқорлығы үшін алғысымыз шексіз!

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы аудандық
зағиптар
қоғамының төрағасы

6 желтоқсан – Прокуратура күні мерекесі

АРДАГЕР ҰСТАЗДЫҢ ДАРА ЖОЛЫ



Қазақстан Республикасында прокуратура органдарының құрылғанына биыл 31 жыл толды. Оның өткен белестері мен тарихына көз жүгіртер болсақ, Қазақстан Республикасының прокуратурасы 1991 жылдың алтыншы желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР прокуратурасы органдарының бірыңғай жүйесін құру, оның дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулысымен Қазақ КСР-ның Бас прокурорына бағынатын бірыңғай прокуратура органдарының жүйесі құрылды.

Прокуратура Республика Президентіне ғана есеп беретін және ел аумағында заңдардың, ҚР Конституциясының, Президент Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл, әрі біркелкі қолданылуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыратын, адам мен азаматтың құқықтары

мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірден бір орган болып табылады.

Егемен елімізде адам және адами құндылықтарды қорғау ең басты қағида. Еліміздегі қылмыстық әрекеттердің жолын кесу, заңсыздықпен күресуге, оны болдырмауда прокуратура органдарының алар орны ерекше. Бүгінгі күні прокуратура органдарының өкілеттіктері күшейтіліп, 05.11.2022 жылы ҚР-сы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңы қабылданды.

Мемлекеттің орнықты дамуының тегеурінді бір тұғыры – заң саласы, соның ішінде, әділет пен заңдылықтың күзетінде тұрған прокуратура саласы екені белгілі. Елімізде осы саланың қалыптасып, дамуына атсалысқан атпал азаматтар баршылық.

Нақтыласақ аудандық прокуратурасында заңдылық пен үстемдікке, ауданның дамуына үлес қосқан азаматтар Кенжеқараев Аuez 1961-1966 жылдары, Утегенов Акмар 1985-1990 жылдары, Смагулов Абдрахман, Сыздықов Балтабек 1990-1992 жылдары, Музатов Амангелді 1992-1998 жылдары, Жалғасбаев Ертілеу 1998-2002 жылдары, Бұйраев Бақытжан 2002-2003 жылдары, Мақұлбеков Нариман 2003-2006 жылдары, Айбосынов Амандық 2006-2010 жылдары, Едігеев Ғалым 2014-

2017 жылдары, Мырзабаев Бахытжан 2017-2022 жылдар аралығында қызмет атқарған.

Соның бірі де бірегейі, барлық саналы өмірін прокуратура саласында заңдылықтың сақталуы мен елімізде заң үстемдігі орнаған құқықтық мемлекет болуына арнаған Қазыналы Қазалы ауданының тумасы – Кәрібозов Бағым Кәрібозұлы.

Барлық өмірін заң саласына арнаған Бағым Кәрібозұлы 1985 жылы Қызылорда қаласы прокурорының көмекшісі болып тағайындалды. Одан арғы қызметінде Жалағаш аудандық прокурорының көмекшісі, тергеушісі, 1991 жылы Арал аудандық прокуратурасының тергеушісі, 1992 жылы Қазалы ауданы прокурорының орынбасары, 1996 жылы мемлекеттік тергеу комитетінің Қазалы ауданы бойынша бөлім бастығы, 1998 жылы Қызылорда облысы прокурорының орынбасары, 2000 жылы Жаңақорған ауданының прокуроры, 2002 жылы Сырдария ауданының прокуроры, 2005 жылы облыс прокурорының көмекшісі, 2006 жылы Қызылорда қаласы прокурорының орынбасары болып қызмет етіп, 2012 жылы абыроймен зейнеткерлікке шыққан.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де еңбекке жақындығын танытып, Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының адвокаттар құрамына кіріп, өмірінің соңына

дейін талай азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заңды көмегін көрсетті.

Прокуратура органдарындағы қызметтері үшін Бағым Кәрібозұлы ҚР Президентінің алғыс хатымен, Бас прокурордың, облыс прокурорының бұйрықтарымен бірнеше рет марапатталып, «Прокуратура ардагері» төсбелгісі табысталған.

Бағым ағамыздың өмірде қызметпен бірге азаматтық қасиеттерді де ұмытпау жөніндегі ұстанымдары бізге үлгі болып, жақсы жетістіктерге жетуімізге септігін тигізді.

Прокуратура саласында отыз жылдай қызмет атқарған ұстазым өзінің біліктілігімен, істеген ісіне адалдығымен, тиянақтылығымен зор құрметке, сыйға бөленді.

Прокуратура саласында нар тұлғалы ұстаздарымыз жеткілікті, олардың айтқан әрбір сөздері мен елге жасаған еңбектерін ұмыту мүмкін емес.

Прокуратура қызметкерлері – бұл әділеттіліктің, мемлекеттің жауапкершілігі мен адалдығының көрінісі деп білеміз. Ел игілі үшін жасалып жатқан еңбектеріңіз еселене берсін!

Дарын ӘБІШ,
Қазалы ауданының
прокуроры,
аға әділет кеңесшісі

«ҚАРАШЕҢГЕЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ



«Қарашеңгел» ауылдық округінде Қазалы ауданының 95 жылдығы аясында «Ауылым – алтын бесігім» атты мерекелік шара өтті.

Ауылдық клубта өткен кешке аудан әкімі Мұхтар Оразбаев арнайы қатысып, ауыл халқын мерекемен құттықтады.

–Өздеріңізге белгілі, биыл Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл болса, Қазалы ауданы 95 жылдық

мерейтойын тойлады. Осы жылдың басынан бері аудан халқының қатысуымен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, бірқатар әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Сондай-ақ, тағылымы мен тәрбиелік маңызы зор, рухани-мәдени, спорттық бағыттағы ауқымды шаралар өткізілді. Енді міне, бүгін «Қарашеңгел» ауылдық округіндегі ұйымдастырылған шара 95 жылдық мерекеге ар-



налып отыр, – деді аудан басшысы.

Мұнан соң Мұхтар Әуесұлы бірқатар округтің ақсақалдары мен ақжаулықты аналары мерейтойға арнайы дайындалған төсбелгілермен марапаттады.

Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан мектеп, балабақша, ауылдық клуб ұжымы және бірнеше азаматтарға аудан

әкімінің «Құттықтауы» мен «Алғыс хатын» табыс етті.

Көңілді кеште аудан және ауыл өнерпаздары әуелете ән шырқап, жұртшылықты қуанышқа бөледі.

Шара соңында ауыл ақсақалы Дәуіт Сайын елді мекенге арнайы келген аудан әкімі Мұхтар Оразбаевқа алғысын айтып, көпшілікке батасын берді.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

АНАСЫ АРМАНДАҒАН БИІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН АСЫЛ АЗАМАТ



Орынбек досының әңгімелеп жүргеніндей Өмірзақтың бойында көшбасшылық қасиет жас кезінде қалыптаса бастаған-ды. Ол Жаңақазалы поселкесіндегі №420, қазіргі №70 орта мектептің табалдырығынан аттағаннан бастап оқуда ерекше зеректігімен көзге түсті. Соның нәтижесінде класс старостасына сайланды. Сонымен қатар спортқа да жаны құмар-ды. Футбол, волейбол, баскетболмен айналысты. Аталған спорт түрлерінен мектеп құрама командасының мүшесі болды. Осы кезде де оның ұйымдастырушылық қабілеті байқалатын.

1968 жылы Өмірзақ Алтынбайұлы Түктібай мектепті медальмен бітіріп анасы мен бауырларын қуанышқа бөледі. Бір отбасының барауыртпалығын бір өзі көтеріп жүрген анасының жүзіне барлай қарап еді, сезімтал жан баласының айтпағын жан жүрегімен сезініп, аймалай құшақтап, жігер бере сөйлеп, «Қатарларыңнан қалмай оқуға талап қыл, бізге қарайлама, жаным...», - деп кесімін бірақ айтты. Әйтседе балаң жігіт анасының жайын ойласа да талапты сапарға аттанып кете барды.

Білімді жасқа оқуға түсу қиындық тудырмады. Қарағанды политехникалық институтының студенті атанды. Барлық пәндерді үздік оқыды. Бір жылдан соң анасының жағдайына алаңдап, институттағы оқуын тастап ауылға оралып, тірегі болған анасының басындағы тауқыметін азайтуды мақсат тұтқан. Сөйтіп анасымен ақылдасу үшін хабарласқанда: «Балам анаңның ақ сүтін ақтағың келсе, институттағы оқуыңды тастама, қайта жақсы оқып бітір, сөйтіп жанұямыздың тізгінін мықтап өзің қолға ал. Бұл анаңның арманы», - деді нығарлап сөйлеп. Осы сөз Өмірзақтың институтты үздік бітіруіне демеу болды. Ауылдағы анасының арманын орындауға өз-өзіне серт берді.

Өмірзақ Алтынбайұлы 1973 жылы Қарағанды политехникалық институтының

«Машина жасау технологиясы, металл кесетін аспаптар және құралдар» мамандығы бойынша үздік бітіріп, аспирантураға түсіп тұрса да аяулы анасының жағдайын ойлап туған жерге оралды.

Қызылорда қаласындағы №128 кәсіптік училищеге өндіріс шебері болып жұмысқа орналасқан-ды. Көп ұзамай анасының жағдайына алаңдап Жаңақазалы поселкесіндегі Қазалы кірпіш заводына өндіріс шебері болып жұмысқа ауысты. Мектепте бірге оқыған, көңіл жарастырып жұптасқан болашақ аяулы жары Баян Шектібаеваны отбасына келін етіп түсіріп, анасының қолын ұзартып алаңсыз жұмысына кіріскен. Қуанышқа қуаныш ұласып, бір жылда қызметі аға өндіріс шеберіне жоғарылап, келесі жылы инженер-механик қызметіне ауысқан. Білігі де, білімі де жоғары, ізденімпаз, өндірісте тәжірибе жинақтаған, ұйымдастырушылық қабілеті мол 28 жасар азамат заводтың бас инженері қызметіне жоғарылатылды. Ол өзіне жүктелген бұл қызметті сегіз жыл бойы абыройлы атқарып, басшылар назарына жақсы қырынан ілікті.

Басшылық қызметте іскерлігімен танылған, қарым-қабілеті айқындалған Өмірзақ Алтынбайұлы Түктібайға сенім артылып, 1987 жылы 14 шілдеде конкурстық жолмен Қазалы кірпіш заводының директоры болып сайланды. Осы жылы қазан айында Қызылорда облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының бұйрығымен Қазалы кірпіш заводы Қазалы өнеркәсіп комбинаты болып атауын өзгертті. Өнеркәсіп комбинатына қарасты кірпіш заводы 3 ауысымда, карамель цехы 3 ауысымда, тігін цехы 2 ауысымда жұмыс істеді. Жұмыс көлемін арттыру, аудан халқын жұмыспен қамту мақсатында Жаңақазалы поселкесінде 54 орындық, Бекарыстан би аулында 28 орындық тігін цехының филиалдары ашылды. Сонымен қоса қосалқы шаруашылық ұйымдастырылып, жұмысшылар бақша өнімдерімен қамтамасыз етілді. Өнеркәсіп комбинаты жыл сайын 4 жұмысшыға тұрғын үй салып берді.

1998 жылы Қазалы өнеркәсіп комбинатының негізінде «Бастау» жабық акционерлік қоғамы құрылып, жұмысын бастады. Құрылтайшылардың шешімімен Өмірзақ Алтынбайұлы Түктібай президент болып сайланды. Алғашқыда акционерлік қоғамда 17 адам жұмыс атқарса, 2001 жылы жұмысшылар саны 48 адамға жетті. Сондай-ақ, «Бастау» АҚ-ның ауласына 960 түп қайыр тал, қарақат, терек және 50 түпке жуық жеміс ағаштары егіліп, кәсіпорын ауласы жасыл желекке бөленді.

Нарықтық қатынастарға байланысты «Бастау» АҚ-ы 2002 жылы «Асыл-Ғани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Құрылтайшылардың шешімімен Өмірзақ Түктібай директор болып сайланды. Бұл қызметті ол 2021 жылға дейін атқарып, зейнеткерлікке шықты.

Ауданға есімі белгілі азамат басшылық қызмет атқарып жүргенінде ауданның саяси және қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Оның нақты мысалы жергілікті мәслихаттар сайлауының I, IV, V шақырылымында халық сеніміне ие болып, аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды. «Бюджет, қаржы, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі» тұрақты комиссияның төрағасы болды. «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезіне делегат болып сайланды.

Алымды азаматтың ерекше қасиеттері: сабырлылығы, байыптылығы, қандай іс атқарса да асып-таспайтындығы, білімділігі, біліктілігі, өрелі ойын, ұсынысын дәлелдермен айқын жеткізетіндігі, орынсыз қызбалыққа бармайтындығы, даурықпадан аулақтығы дер едік. Сол үшін де ол ел ардақтысы. Ұжымдастары арасында абыройлы. Үлкен-кішіге құрметті.

Өмірзақ замандасымыздың елге жасаған қызметі мен еңбегі жоғары орындар тарапынан лайықты бағаланған. Облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттары мен құрмет грамоталарын, «Қызылорда облысына 70 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20,30 жыл», «Қазақстан Республикасының жергілікті мәслихаттарына 20 жыл» мерекелік медальдарын, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының құрмет грамоталарын иеленген. «Қазақстан Республикасының құрметті құрылысшысы» төсбелгісін кеудесіне таққан. Қазалы ауданының құрметті азаматы атағына ие.

Ардақты азаматтың отбасындағы ынтымақты тірлігі көпшілікке үлгі болғандай. Ол зайыбы Баян екеуі 2 қыз, 2 ұлды өнегелі етіп тәрбиелеп өсірген. Балаларының бәрі жоғары білімді, отбасылы. Үлкен қызы Ләззат «Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде» арнайы пән оқытушысы. Кіші қызы Шынар аудандық емханада көз дәрігері болып қызмет атқарады. Үлкен ұлы Асылхан жылжымайтын мүліктер орталығының Қазалы филиалының директоры, кенжесі Ғани «Асыл Ғани» ЖШС-нің директоры болып қызмет атқарады.

Өмірзақ Түктібайдың достыққа адалдығын айтсақ ұзақ әңгіме. Өзінің айтуынша достарының ішінде мектеп пар-

тасына отырғаннан дос болған Қожабек пен Айдаралының орны бөлек. Олармен Қарағанды қаласына бірге оқуға барған. Ол екеуі Алматыда жоғары оқу орнында оқығанда каникульт кездерінде жиі барып бас қосып тұрған. Оқу бітірген соң да тағдыр айырғанша Қазалыда бірге тұрған. Қазір олардың отбасымен жиі араласып тұрады. Достарының мінездері де әрқилы болатын. Қожабек ар-намысты жоғары ұстайтын қызба болса, Айдаралы кең мінезді, кім-кіммен де тең дәрежеде сөйлесе алатын. Тағы бір досы, көршісі Орынбек. Мамандығы теміржолшы. Орал қаласындағы тепловозды пайдалану депосында 14 жыл басшы болды. Қазір Астана қаласында тұрады. Өмірзақтың басқа да достары аз емес. Оның қайсыбірін тілге тиек ете берсін.

-Адал дос санаулы болады. Сондай досымның бірі Өмірзақ Алтынбайұлы. Өмекең кішкентайынан көшбасшы болды. Мектепті үздік оқыды. Институт бітірді. Аспирантурада оқуға мүмкіндігі бола тұра жанұя жағдайына байланысты елге келді. Бұл анасына берген уәдесі еді.

Сыртта жүрген достары жолымыз түсіп, туған жерге келсек ең алдымен Өмірзаққа хабарласамыз. Досқа деген адалдығы, сыйластығы, ұйымдастырушылық қасиеттері ерекшеленіп тұратын. Сондай-ақ, ол өз ортасының сыйлы, беделді азаматы. Сондықтан біз Өмірзақпен мақтанамыз, - дейді Астана қаласында тұратын досы, «Қазақстанның құрметті теміржолшысы» Орынбек Шүйіншәлиев.

-Өмір деген қарама – қайшылықтардан тұрады екен. 7 жасымда әкем қайтыс болды. Анамның тәрбиесінде болдым. Сондықтан анамның барлық армандарын орындауды өзіме парыз санадым. Мектепті де, институтты да үздік оқыдым. Үйленіп отау құрдым. Бірінші немересіне иіп, емшегінен сүт аққандағы анамның қуанышын көрдім. Жаңадан үй салдым. Қызметте директорлыққа дейін жоғарылап, ағайын ортасындағы анамның дәрежесін көтердім. Қонақта төрде отыратын болды. Үлкен ағам бөлек шаңырақ көтерді. Тараз қаласындағы ініме үй салып беріп анамның соңғы арманын орындадым. Балама да өзіме де коттедж үй салдық.

Өмірдегі өкінішімнің біреуі әкеден ерте қалып, әкенің тәрбиесін көре алмадым. Екінші өкінішім домбыра үйреніп, ән айта алмадым. Есесіне спортпен айналыстым. Өміріме спорттың да пайдасы тиді, - дейді бізбен әңгімесінде Өмірзақ Алтынбайұлы ойлы кейіпте.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
Әйтеке би кенті**

● Маманның кеңесі

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Жерлесіміз журналист-жазушы Қараша Қараман мерейлі 75 жасқа толды. Ол Қазалыда дүниесігін ашып, орта мектепті бітірді. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін бітірген соң бар ғұмыры жер жәннәты Жетісуда Қаратал өңірінде өтті. Қазалының бір баласы қарымды журналист ретінде «Қараталдың Қарашасы» атанды. Бұл қазалылықтар үшін де

қуаныш.

Құрметті Қараша Қараман! 75 жасқа толған күніңіз құтты, аталық ғұмырыңыз баянды, отбасында береке-бірлік мол болсын. Ұшқыр қаламыңыз мұқалмасын. Әліде жазарың азаймасын.

**Әріптестік көңілмен,
аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің
редакциясы**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА - ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетіні баршамызға белгілі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық қазақстандық азаматтардың азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз жетерлік. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелерді де жоққа шығара алмаймыз. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс

жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды. Заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді,

жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде халық парақорлық дертімен жиі бетпелет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүзеге асырылуда. Елімізді дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің терең құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**Байназар ЕРҚОСАЕВ,
«Сарыкөл» ауылдық
округінің әкімі**

**ҚЫЗЫЛША АУРУЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ**

Қызылша ауруы- бұл ауа арқылы тез таралатын, вирустан туындайтын жұқпалы ауру.

Қызылша ауруын- қызылшамен ауырған адам жұқтырады, оның ішінде әсіресе бастапқы және бөртпе шыққан алғашқы күндерінде тез жұғады.

Қызылша ауруы- қызылшамен ауырған науқас адаммен сөйлескенде, жөтелгенде, түшкірген кезде жұғады.

Қызылша ауруының алғашқы белгілері көрінем дегенше жасырын кезеңі 9-10 күнге созылады, ал кейде 21 күнге дейін созылады.

Аурудың белгілері - науқастың дене қызуы көтеріледі, әлсіреп, тамаққа тәбеті төмендейді, суық тию белгілерімен басталады, яғни жөтеліп, түшкіріп, көзі қызарады. Сонымен қатар қызылшаға ғана тән ауыздың сілекейлі қабығында, азу тістерінің тұсында ұнтақ жарма тәріздес ұсақ ақ дақтар пайда болады. Олар 2-3 күнге дейін сақталады. Одан кейін жұмсақ таңдайдың сілекейлі қабығында қызғылт дақтар пайда болады. Ауырған адамның көзі қызарып, жасаурап, қабақтары ісіп, көзі қарауытып, мұрнынан су ағады, денесіне қызыл бөртпелер пайда болады.

Қызылша ауруын анықтайтын бір ерекшелігі ол денесіне шығатын бөртпелер: бірінші күні бөртпе бетте, мойында, екінші күні денеде, қол, сан терілерінде, үшінші күні балтырына, аяқтарына шығады, ол күні беттегі бөртпелер бозарады. Бөртпелер көлемі 2мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен әрбір бөртпелер арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа қабыршықтар қалады. Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, ірің шығып, таңертең кірпіктерін ашудың қиындығы, мойын артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсынуы болады. Кейбір науқастың іші ауырып, аздап іш өтуі мүмкін.

Қызылшаның асқыну жағдайлары: құлақтың қабынуына, соқырлық, пневмония, мойын лимфотүйіндерінің қабынуы, ларингит, мидың және жүйке жүйесінің қабынуы жағдайлары болады.

Қызылшаның алдын алу іс-шараларының ең тиімді және сенімді жолы ол қызылшаға қарсы вакцинация жасау.

- Ұлттық жұқпалы ауруларға қарсы егу күнтізбесіне сәйкес қызылша ауруына қарсы 1 және 6 жастағы балаларға екі рет жүргізіледі.

Және 6 қарашадан бастап елімізде қызылшаға қарсы қосымша жаппай имундау жұмысы басталды, оның ішінде:

- 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі балаларға жүргізілуде,

- 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларға жүргізілуде,

- Эпидемиологиялық көрсеткімдер бойынша жүргізілген қызылшаға қарсы профилактикалық екпелері жоқ медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлеріне жүргізіледі.

**Ғабидулла САРЫҚҰЛОВ,
Қазалы аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы**

(Газетіміздің келесі саны 13 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.